

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Қызылжар ЖОББМ

Топ/сынып мектепалды “А” сынып

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2026 оқу жылы сәуір айы

Айы	Ұйымдас тырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ескерту
сәуір	Дене тәрбиесі	<p>-Негізгі қимылдар. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;</p> <p>-аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру;</p> <p>-тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;</p> <p>-белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;</p> <p>-ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;</p> <p>-заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру;</p> <p>- қосалқы қадаммен алға қарай жүру.</p> <p>-Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру,</p> <p>-шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;</p> <p>-скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру,</p> <p>-арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру,</p> <p>- әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;</p> <p>-Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p>	

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<ul style="list-style-type: none"> -Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. -Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). -Артикуляциялық жаттығулар жасау. -Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану; - дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. -Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. -Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды тандай білу. -Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. 	
<p>Көркем әдебиет</p>	<ul style="list-style-type: none"> -Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. -Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, -жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. -Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, -диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. -Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. -Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. 	

	<p>-Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p>-Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p>	
Сауат ашу негіздері	<p>-Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,</p> <p>-буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету</p> <p>-сөздің мағынасына, қызығушылыққа баулу.</p> <p>-сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>-Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.</p> <p>- Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p> <p>-Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>- Сөздерді буындарға бөлу</p> <p>- берілген буыннан сөз,сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p>-берілген буыннан сөз,сөзге сөйлем құрастыру.Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.</p> <p>- Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p> <p>-Сөздерді буындарға бөлу;</p> <p>-Берілген буынға сөз құрастыру;</p>	
Қазақ тілі	<p>-Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.</p> <p>-Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p>	

	<p>-Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,</p> <p>-қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>-Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>-берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p> <p>-Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>-кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу,</p>	
<p>Математика негіздері</p>	<p>-Күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру,</p> <p>-Тәулік бөліктерінің реті,циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>- Циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>-Әртүрлі оқиғалардың ,апта күндерінің реті туралы білімді бекіту.</p> <p>-Тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.</p> <p>-Айлар туралы түсініктерді қалыптастыру,олардың ретін білу және атау.</p> <p>-Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру,олардың ретін білу және атау;</p> <p>- Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>-Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.</p> <p>- «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>- 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>-Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау,</p> <p>-Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p>	

<p>Қоршаған әлеммен танысу</p>	<p>-Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп баптау; -Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату; -Себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну; -Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, жауапкершілікті сезіне білу; -Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, талдау, салыстыру, ажырату; -Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу; -Байланыс құралдары: ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. -Табиғатты сақтауды жауапкершілікті сезіне білу;</p>	
<p>Құрастыру</p>	<p>-Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, -жұмысты бірге келісіп орындау, дайын құрылыспен ойнау, -ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету. -Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерту, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту.</p>	
<p>Сурет салу</p>	<p>-Сюжеттік суреттерді салу, -ұжымдық жұмыстарды орындап, ойдан сурет салуды үйрету. -Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолдану. -Сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтауға үйрету.</p>	
<p>Мүсіндеу</p>	<p>-Адамның бейнесін мүсіндеу, -жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. -Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, -бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>	
<p>Жапсыру</p>	<p>-Шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету. -Геометриялық элементтерден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру. -Қайшы мен желімді дұрыс қолдану. -Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.</p>	

Музыка	<p>-Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>-Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>-Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>-Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p>-Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>-Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>-Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>-Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>-Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p>	
--------	--	--